

Бекітемін

Мектеп директоры

К.Дүйсенбеков



**Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақталған жалпы орта мектебі
бойынша оқушы қыздар ұйымының жүргізілетін жұмыс жоспары**

2022-2023 оку жылы

№	Орындалатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
1	Мектепте оқитын оқушы қыздардың тізімін алу	Тамыз	Г.Есдаulet
2	Әр сыйып қыздар секторын сайлау	Қыркүйек	Г.Есдаulet
3	Қыздар жиналышын өткізіп, жоспармен таныстыру	Қыркүйек	Г.Есдаulet С.Джусупова
4	Қыздар гигиенасы туралы мектеп медбикесімен әнгіме жүргізу	Қазан	Г.Есдаulet С.Джусупова
5	«Әдептілік-әдемілік» баяндама оқу	Қазан	Г.Есдаulet С.Джусупова
6	«Күз аруы -2023» байқауы	Қараша	Г.Есдаulet С.Джусупова
7	Тазалық, безеу, сұлулық атты тақырыппен жиналыш өткізу	Желтоқсан	Г.Есдаulet С.Джусупова
8	«Сырласайық-сырғалым» кездесу	Қаңтар	Г.Есдаulet С.Джусупова
9	Әсемдік, сұлулық жайлы баяндама оқу	Ақпан	Г.Есдаulet С.Джусупова
10	«Киіне білесінбей?» - деген тақырыпта баяндама	Наурыз	Г.Есдаulet С.Джусупова
11	«Зиянды әдеттер» тақырыбында әңгімелесу	Сәуір	Г.Есдаulet С.Джусупова
12	Оқу жылындағы қыздардың бойындағы жақсы қасиеттері туралы әр сыйып секторынан жеке-жеке мәлімет алу	Мамыр	Г.Есдаulet С.Джусупова
13	Оқу жылына қорытынды жұмыс жасау	Мамыр	Г.Есдаulet С.Джусупова

Дайындаған: Есдаulet Г

Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақталған жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекетік мекемесі

Қатысқаны: 6-11 сынып қыздары

ХАТТАМА № 6

Өтілген күні: 13.01.2023ж

Қаралатын мәселелер:

1. 6-11 сынып окушы қыздар тазалығы және оку үлгерімі
2. «Сырласайық-сырғалым» баяндама

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша қыздар ұйымының тәрайымы Гүлнара Есдаулет сөз алғып, окушы қыздардың тазалығын тексеретінін, оку үлгеріміне қатаң бақылау жүргізетінін айтЫП өтті. Мектеп медбикесі Жәудір Юсупова окушылардың жеке бас тазалығын үнемі қадағалап, тексеріп отыратынын айтты.

Екінші мәселе бойынша Гүлнара Есдаулет «әрбір елдің өміріндегі шешуші кілт қыздарға берілетін тәлім-тәрбие арқылы өлшенеді. Біздің халқымызда “қыз” деген сөздің өзі әдемеліктің, жан-жақты сұлулықтың символы ретінде қолданылады. Халқымыз қыз баланы ардақтайды. Оған қатты сөз айтпай, мәпелеп өсірген. Өйткені, қыз-жат жүрттық бала, қыз – қонақ деп есептеген. Расында, қыз бала өскен соң, ол басқа үйдін баласы болады, бірақ ол бала сол барған үйінде ары таза, иман жүзді, елі, ауылы сыйлайтын ана болу тиіс. Ол үшін жастайынан қыз нымысын қорғай білуге тәрбиелеуіміз керек. Ал, қыз намысы дегеніміз – ең алдымен, өзін-өзі сыйлайтын өз көзқарасынан, ойынан адалдықты көрсетіп, өзін-өзі қорлайтын ымыра мен келісімді қабыл алмайтын терең сезім. Қыздың намысы мен ары, адамгершілігі оның окуына, қоғамдық пайдалы істеріне, отбасына, құрбы-құрдастары мен ұжымдағы қарым-қатынасына байланысты. Әрбір қыз бала ата-анасын, туыстарын, ұстазын сыйлап, қадірлей білуді үйренсе, болашакта одан елін, жерін, халқын сүйеттін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жаңындық көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару шығатыны сөзсіз.

Барлық халық қыздарды өмірдің жалғасы, болашақ ана, өмірлік жар, ол-еңбеккор, ол-қоғам қайраткері деп бағалаған.

Бүгінгі жас өркен қыз баласы- ертеңгі өркениетті қоғам мүшесі. Ол физиологиялық, психологиялық жағынан жетілген, өркениеттілік пен ғылым жетістіктерін менгерген, қоғам сұранысына сай болумен қатар әлемдік және ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңіре білу керек

Халқымыз «Қызға қырық үйден тыло, қала берсе қара күннен тыю» деген мақалға қаншама философиялық ой сыйғызған. Яғни қыз бала тәрбиесіне тек қана анасы ғана жауапты емес, бүкіл ауыл, жүртшылық, қоғам жауапты» - деп баяндаама оқыды. Окушыларға түсіндірме жұмыстары айттылып өтті.

Қаулы етті:

1. 6-11 сынып қыздарының тазалық жұмыстары үнемі қадағалансын
2. «Сырласайық – сырғалым» баяндама қанғаттанарлық

Жиналыш тәрайымы  Г.Есдаулет
Хатшысы  О. Сейтова

Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақталған жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекетік мекемесі

Қатысқаны: 6-11 сынып қыздары

ХАТТАМА № 7

Өтілген күні: 9.02.2023ж

Қаралатын мәселелер:

1. 6-11 сынып оқушы қыздар тазалығы және оку үлгерімі, мектеп формасы
2. «Әдептілік-әдемілік» баяндама

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша қыздар үйымының төрайымы Гүлнара Есдаулет сөз алғып, оқушы қыздардың тазалығын тексеретінін, оку үлгеріміне қатаң бақылау жүргізетінін айтып өтті. Мектеп формасын қатқа түрде сақтау керектігін айтты. Егер сақтамаған оқушыларға мектепшілік шара көрілетінін ескертті.

Екінші мәселе бойынша хатшы Оңласын Сейтова баяндама оқыды. «Адам әдебімен көрікті», — дейді қазақ халқы. Халқымыздың осынау «әдеп», «әдептілік» үйымының мәнісі тамыры терең үлттық рухани мәдениетімізден бастау алады. «Әдеп» — термині түркі халықтарының ортағасырдағы араб-мұсылман мәдениетінің ықпалымен енген. «Әдеп» сөзі моральдық категория, қоғамдағы адамдардың мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптар деген мағынаны білдіреді. Олай дейтініміз, адамның сөйлеу мәнері, іс-қимылы, жүріс-тұрысы, өзін ұстай білуі оның мәдениетті, әдепті екендігін аңғартады. Адамның бойынан әдептілік қасиеттің көрінісі — ол парасаттылық пен адамгершілік. Әдептілік — адам бойындағы жағымды қасиет, оның қоғамда қабылданған әдеп талаптарын мінсіз орындауы болып табылады. Ол қоғамда, үйдегі тәлім-тәрбиенің негізінде калыптасады. Қазақ этикасының қайнар көзі Еуразияның Ұлы даласында өркендереген ежелгі сақ, ғұн, үйсін, қаңлы мен түркі бірлестіктерінен нәр алады. Кіндік Азиядан табылған түркілердің Құлтегін, Тонықек жазуларында татулық, бақыт, дәүlet сияқты әдеп үйімдары жиі кездеседі. Әдепті арнайы ілім ретінде қарастырған ғұлама философ, ғалым — Әбу Насыр әл-Фараби. Ол әдепті жақсылық пен жамандықты айыруға мүмкіндік беретін ғылым деп карастырып, «Әдептілік — әрбір жеке тұлғаның рухани байлығы, қазынасы», — деп айтқан. Сондай-ақ, түркі халықтарының этикасын дамытуға үлес қосқан ғұламалар қатарына Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Яссайи, Ахмет Игүнеки, Сүлеймен Бақырғани, қазақ хандығы тұсында өмір сурген әйгілі қазақ ақын-жыраулары Асан Қайғы, Шалқиіз, Ақтамберді, Бұқар жырау, Дулат, Шортанбай үлттық әдеп жүйесін жоғары тұғырға көтере білді. Олардың әлеуметтік-этикалық ойлары қазақ халқының әдептік сана-сезімінің қалыптасуына, кейінгі үрпақтың үлтжандылық, адамгершілік, рухта тәрбиелеуге ықпалын тигізді. Даны халқымыз: «Адамның басшысы — ақыл, жетекшісі — талап, корғаны — сабыр, жолдасы — кәсіп, қорғайтын қорғаушысы — мінез, бәрін тәртіпке реттейтін — әдептілік», — дейді. Бүгінгі таңда осы рухани құндылықтың мәнісі қоғамның қай саласында болсын, өзектілігін жойған емес. Соның ішінде ел тізгінің ұстап, халыққа қызмет жасап жүрген мемлекеттік қызметшілер жоғары мәдениеттің, парасаттылық, сыйайылық, кішіпейілділік, әдептіліктің мінсіз бейнесін халыққа көрсетуі тиіс, — деп баяндамасын тәмемдады.

Қаулы етті:

1. 6-11 сынып қыздарының тазалық жұмыстары мен мектеп формасының сақталуы қадағалансын
2. «Әдіптілік-әдемілік» тақырыбында баяндама қанғаттанарлық

Жиналыс төрайымы *Е.Есдаулет* Г.Есдаулет
Хатшысы *О.Сейтова* О. Сейтова

Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақталған жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекетік мекемесі

Катысқаны: 6-11 сынып қыздары

ХАТТАМА № 6

Отілген күні: 06.04.2023ж

Қаралатын мәселелер:

1. 6-11 сынып окушы қыздар тәрбиесі және тазалығы
2. «Киіне білесің бе?» баяндама

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша қыздар үйымының тәрайымы Гүлнара Есдаulet сөз алғып, окушы қыздардың тазалығын тексеретінін, оку үлгеріміне қатаң бакылау жүргізетінін айтып өтті. Мектеп медбикесі Жәудір Юсупова окушылардың жеке бас тазалығын үнемі қадағалап, тексеріп отыратынын айтты.

Екінші мәселе бойынша Оңласын Сейтова баяндама оқыды. Жарасымды киіну дегеніміз ең алдымен, киім-кешектің түрі мен түсі жағынан бір-біріне үйлесімді келуі яғни үстіңе киген киіміннің бас киім, аяқ киім, қолға ұстайтын сумкаң және қолғабынмен үйлесімді болуы. Эйелдер көйлегін безендіріп, ажарлау мақсатымен кейде оған басқа түсті матадан жаға мен женуш салып, жазда киетін жұқа матадан тігілетін көйлекке басқа түсті матамен – бұлықтан желбіршек салып киеді. Мұндай жағдайда көйлектің матасы мен оны ажарлау үшін қолданылатын матаның түстері бірін-бірі ашып, бір-біріне үйлесіп тұратында болуы керек. Мысалы, қалампыр түсті көйлекке ақшыл сары түсті жаға, қара және көк көйлекке ақ жаға мен женуш салса ажары ашыла түседі.

Киімнің сәнді де жарасымды болуымен қатар киіп барған жеріндегі жағдайға, отырған ортаңа, істейтін қызметіне сәйкес келуін де ескеру қажет. Мысалы, тойға шақырған жерге бастан аяқ қара киініп бару қандай ерсі болса, бата оқырға, яғни адамы өлген үйге қызылды-жасылды киініп, елден ерек жарқырап барған да сондай оғаш көрінеді.

Эстетикалық талғамы тәуір адамдар жұмысқа сыйтайы киініп барады. Ал құлағына салпылдаған ұзын сырға салып, омырауына жалтырауық түйреуіш, шашына да жалтыраган бірдемелер қадап, қызылды-жасылды киініп, я болмаса жағасы өте кең ойылған көйлек, өте тар яки өте кең тігілген юбка немесе шалбар киіп жұмысқа келу - ол адамның талғамының нашар екенін көрсетеді. Әдетте, бұл сияқты орынсыз жерде әлеміштеніп жүретін қыз-келіншектерді көрген кіслердің кейбіреулери, әсіресе үлкен кіслер «осы жастар қалай киінетін болған, өзі!» деп, киімнің үлгісін кінәлайды. Бұған, әрине, үлгі кінәлі емес, сол үлгіні орынсыз пайдаланатын әсіре қызыл жастардың өздері кінәлі.

Окушыларға түсіндірме жұмыстары айтылып өтті.

Қаулы етті:

1. 6-11 сынып қыздарының тазалық жұмыстары үнемі қадағалансын
2. «Киіне білесің бе?» баяндама қанғаттанарлық

Жиналыс тәрайымы  Г.Есдаulet
Хатшысы  О. Сейтова

Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақталған жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекетік мекемесі

Қатысқаны: 6-11 сынып қыздары

XATTAMA № 6

Өтілген күні: 12.05.2023 ж

Қаралатын мәселелер:

1. 6-11 сынып окушы қыздар тәрбиесі және тазалығы
 2. «Зиянды әдettер» баяндама

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша қыздар үйымының төрайымы Гүлнара Есдаулет сөз алған, оқушы қыздардың тазалығын тексеретінін, оку үлгеріміне қатаң бақылау жүргізетінін айтты өтті. Мектеп медбикесі Жәудір Юсупова оқушылардың жеке бас тазалығын үнемі қадағалап, тексеріп отыратынын айтты.

Екінші мәселе бойынша Оңласын Сейтова баяндама оқыды. Қазіргі қоғамымызда салуатты өмір салтына деген саналы көзқарас темекі шегу, спирттік ішімдікке салынудың, есірткі қолданудың көбеюіне себепкер болып отыр. Спирттік ішімдіктердің, есірткі мен темекінің адам өміріне зиянды екені белгілі.

Денсаулығы әлсіз, білім төмен, зиянды әдептерге әуес, жалқау, тәрбиесіз жастары бар ел қашанда әлсіз, қорғансыз. Жастар болашак, ертеңгі қоғамның, қала берді отбасының иелері. Сондықтан оларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу, олардың осы дәстүрді дәріптеуші болып қалыптасуына бағыт беру қажеттігі білім беру мекемелерінің соның ішінде орта мектептің алдында тұрган педагогикалық проблемалардың бірі. Еліміздегі оку-тәрбие жұмысына байланысты болып жатқан жаңартулар білім мен тәрбие жұмысын қайта қарауды міндеттейді. Тәрбие – қоғамдық үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның арақатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе. Оның негізгі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жағымды қасиеттерін дамыту болып табылады. Окүшшілардың саналы тәртібі мен байыпты мінезін қалыптастыру, оған сәйкес сезімін және сенімін тәрбиелеу тәрбиешінің мақсатқа бағытталған іс-әрекетіне байланысты.

Еліміздің болашағы жас үрпақ екенін ескерсек, сол жас үрпақтың денсаулығы мықты, интеллектуалды, дуниетанымы терен, білімі сапалы, адамгершілігі мол, бойын «зиянды азеттерден» аулақ ұстайтын, саналы үрпақтарымызды тәрбиелеу.

Каулы етті:

1. 6-11 сынып қыздарының тазалық жұмыстары үнемі қадағалансын
 2. «Зиянлы әдептер» бағндама қанғаттанарлық

Жиналыс төрайымы *Джан* Г.Есдаulet
Хатшысы *Абай* О. Сейтова